

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі N 649 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20; 728-құжат; 1999ж., N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., 16.08. N 177-178 "Казахстанская правда") мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Барлық мәтін бойынша "мемлекеттік комитеттерді", "мемлекеттік комитеттерге", "мемлекеттік комитеттер" сөздері алынып тасталсын;

5 - б а п т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өрт қауіпсіздігі саласындағы салалық бағдарламаларды бекітеді";

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілер тізбесін белгілейді";

тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

6-баптың екінші бөлімі мынадай мазмұндағы он алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі салалық бағдарламаны әзірлейді";

10 - б а п т а :

төртінші бөліміндегі он екінші абзац мынадай сөздермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте";

тоғызыншы бөліміндегі "Басқармалар" сөзі "Бөлімшелер" сөзімен ауыстырылсын;

оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші және он бесінші бөлімдер алынып тасталсын;

мазмұны төмендегідей 10-1, 10-2, 10-3, 10-4, 10-5, 10-6, 10-7, 10-8, 10-9, 10-10 және 10-11 баптармен толықтырылсын:

10-1-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында қызмет атқаратын, белгіленген тәртіпте арнайы атақ берілген, белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктер мен жетондар берілген адамдар Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері болып табылады.

Арнаулы атақтар берілген Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне қызмет өткеру, еңбекке ақы төлеу арнаулы атақтар беру, медициналық және санаторлық-курорттық, зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген әлеуметтік қорғау жағдайлары мен кепілдіктер қолданылады.

Еңбек заңы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне осы Заңға және ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген өзге де нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмейтін деңгейде қолданылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметшілері мен жұмысшыларының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және еңбек туралы заңдарымен реттеледі.

10-2 бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына қызметке қабылдау

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына қызметке жасы он сегізден төмен емес, өзінің іскерлігі, жеке және адамгершілік қасиеті, кәсіби деңгейі, денсаулығы және дене жағдайы, білім деңгейі бойынша өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының арнайы оқу орындарына оқуға орта білімі бар, жасы он сегізге толмаған адамдар қабылдана алады. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының арнайы оқу орындарына оқуға түскен адамдармен келісім-шарт жасалады, онда арнайы оқу орнын бітіргеннен кейін Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында одан әрі қызмет өткерудің шарттары мен мерзімдері көзделеді.

Арнайы оқу орнындағы оқу уақыты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметтің мерзіміне есептеледі.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және кіші басшы құрам лауазымына отыз екі жастан аспаған, орта және аға басшы құрамға қырық жастан аспаған адамдар қабылданады. Ерекше жағдайларда көрсетілген жас цензі қажетті

білімі, кәсіби дайындық деңгейі бар және заңнамамен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы басшысының шешімімен өзгертіледі.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрам лауазымына тағайындалған әскери міндеттілер немесе Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы арнайы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының кадрына қабылданғандар белгіленген тәртіпте әскери есептен шығарылады және Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының арнайы есебіне тұрады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органына қызметке алғашқы алынып отырған адамдар міндетті тәртіпте Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының кәсіби даярлау мектептерінде және оқу пункттерінде арнайы алғашқы оқытудан өтеді. Көрсетілген оқу орындарында алғашқы дайындықтан өтудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының б а с ш ы с ы б е л г і л е й д і .

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органына алғашқы қабылданған адамдар үшін үш ай мерзімге дейінгі сынақ мерзімі белгіленеді. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерінің сынақ нәтижесі қанағаттанғысыз болған жағдайда, сынақтан өтпеген ретінде жұмыстан босатылуы мүмкін. Нәтижесі оң болған жағдайда - сынақ мерзімі қызмет стажына есептеледі.

Бұрын сотталғандар және қылмыстық жауапкершіліктен ақталмаған негіздер бойынша босатылғандар, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан дәлелсіз себептермен босатылғандар Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметке қ а б ы л д а н б а й д ы .

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына қызметке тұрған азаматтар мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ант қабылдайды.

10-3-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында қызмет өткерудің шекті ж а с ы

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері заңнамамен белгіленген әскери қызмет жағдайында болудың шекті жасына дейін қызметте бола а л а д ы .

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің жекелеген санаттары үшін қызмет мерзімі қажеттілігіне қарай Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы басшысының шешімімен ұзартылуы мүмкін.

Қызметті ұзарту осы Заңда көзделген негіздемелер бойынша Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерін жұмыстан босату мүмкіндігін жоққа ш ы ғ а р м а й д ы .

10-4-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметтен босату
Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органының қызметкері мынадай негіздер
б о й ы н ш а :

1) еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) және зейнеткерлікке шығуға құқық беретін әскери қызметте жүріп шекті жасына жетуі бойынша;

2) жасына қарай, яғни қызметте жүріп, белгіленген шекті жасқа жетуі бойынша;

3) денсаулығы бойынша - әскери қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысының (қаулысының)
н е г і з і н д е ;

4) штаттың қысқаруына немесе Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қайта құруға байланысты басқа қызметке пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда;

5) келісім шартты бұзуға байланысты;

6) ө з е р к і б о й ы н ш а ;

7) сынақ мерзімін өткеру қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз (немесе жарамсыз) нәтиже жағдайында;

8) қызметтік-әскери тәртіпті үнемі бұзғаны үшін;

9) аттестаттау қорытындысы бойынша қызметіне сәйкес келмеуі;

10) теріс қылықтар жасағаны, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерінің атағына кір келтіргені үшін;

11) соттың заңды күшіне енген үкіміне байланысты;

12) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына байланысты қызметтен б о с а т ы л а д ы .

10-5-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің арнаулы атақтары

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне мынадай арнаулы атақтар белгіленеді және берілуі:

қ а т а р д а ғ ы қ ұ р а м :

- ішкі қызметтің қатардағы жауынгері;

к і ш і б а с ш ы қ ұ р а м :

- ішкі қызметтің кіші сержанты, ішкі қызметтің сержанты, ішкі қызметтің аға сержанты, ішкі қызметтің старшинасы, ішкі қызметтің прапорщигі, ішкі қызметтің аға прапорщигі ;

о р т а б а с ш ы қ ұ р а м :

- ішкі қызметтің кіші лейтенанты, ішкі қызметтің лейтенанты, ішкі қызметтің аға лейтенанты, ішкі қызметтің капитаны;

а ғ а б а с ш ы қ ұ р а м :

- ішкі қызметтің майоры, ішкі қызметтің подполковнигі, ішкі қызметтің полковнигі;

ж о ғ а р ы б а с ш ы қ ұ р а м :

- ішкі қызметтің генерал-майоры.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының орта және аға басшы құрамының алғашқы арнаулы атақтарын беруді және Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының кадрына қабылдауды Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының басшысы жүргізеді.

Қатардағы, кіші, және орта басшы құрамның кезекті арнаулы атақтарын облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының Мемлекеттік өртке қарсы қызметтерінің, Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы арнайы оқу орындарының бастықтары береді.

Аға басшы құрамның кезекті арнаулы атақтарын Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының басшысы береді.

Жоғары басшы құрамға арнаулы атақты Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы басшысының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Заң күшіне енген сот үкімі бойынша айыпталған Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлерін арнаулы атақтарынан:

- қатардағы және кіші басшы құрамның - қатардағы және кіші басшы құрамға арнаулы атақтар беруге құқық берілген бастықтары;

- орта және аға басшы құрамның - Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының басшысы;

- жоғары басшы құрамның - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте айыруы мүмкін.

10-6-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, зейнетақымен және өзге де қамтамасыз ету

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің ақшалай үлесі Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол ішкі істер органдары қызметкерлері үшін қолданыстағы, заңнамамен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдарының қызметкерлері үлгілері мен тиесілілік нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін нысанды және арнаулы киім-кешекпен тегін қамтамасыз етіледі.

10-7-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үй алу құқығы

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында қызмет өткеретін қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қызметтікке

теңестірілген өздері тұратын тұрғын үйін жекешелендіріп алуына болады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері, сондай-ақ Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қаза тапқан қызметкерлерінің отбасылары басқа тұрғын үй берілместен, қызметтік тұрғын үйден немесе қызметтікке теңестірілген тұрғын үйден шығарылуға жатпайды.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпте тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңмен белгіленген мөлшерде тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

10-8-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің демалыстары

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлеріне ұзақтығы отыз күнтізбелік күн жыл сайынғы еңбек демалыстары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге демалыстар беріледі.

Еңбек сіңірген жылдарына қарай (күнтізбелік есептемеген) ақы төленетін қосымша демалыс Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары :

он жылдан артық - ұзақтығы бес күнтізбені күн;

он бес жылдан артық - ұзақтығы он күнтізбелік күн;

жиырма жылдан артық - ұзақтығы он бес күнтізбелік күн беріледі.

10-9-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мүгедек болған жағдайдағы кепілдіктері

Қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындау кезінде мүгедек болғаны үшін біржолғы өтемақы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атағы бар қызметкерлеріне, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамға төленеді.

Біржолғы өтемақы төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда не қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаттың салдарынан бір жыл ішінде қайтыс болған жағдайда асырауындағы адамдарға және мұрагерлеріне оның соңғы атқарған қызметі бойынша алпыс айлық көлемінде біржолғы өтемақы төленеді.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаттың, жараланудың , (контузия), зақымданудың, сырқаттанудың салдарынан мүгедектік белгіленгенде:

1) 1 топтағы мүгедекке - отыз айлық жалақы;

2) 2 топтағы мүгедекке - он сегіз айлық жалақы;

3) 3 топтағы мүгедекке - алты айлық жалақы көлеміндегі бір жолғы өтемақы төленеді .

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке әкелмеген ауыр зақым (жарақат, жаралану, контузия) алған жағдайда, оған біржарым айлық көлемінде, жеңіл зақым алса жарты айлық жалақы көлемінде біржолғы өтемақы төленеді.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерінің қаза табуы (қайтыс болуы) жарақаттануы, жаралануы, (зақымдануы), сырқаттануы қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқарумен байланысты емес жағдайларға байланысты болғандығы белгіленген тәртіпте дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.

10-10-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдарын қаржыландыру жергілікті бюджет қаржысы есебінен, арнайы оқу орындарын - республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органына ведомстволық бағынысты және мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің және олардың бөлімшелерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметтерді көрсетуге құқығы бар.

10-11-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің жауапкершілігі

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті